

"ИНТЕРВОЛЬФРАМ" БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 10 қаңтар 1994 ж. N 51

Халық шаруашылығының вольфрамға сұранысын қамтамасыз ету мен Жоғарғы Қайрақты кен орыны базасында экспорттық ресурстарды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қайрақты кен-металлургия комбинатының және "Дженерал Беринг" (АҚШ) корпорациясының қатысуымен "Интервольфрам" бірлескен кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі мен Қайрақты кен-металлургия комбинатының ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттік :

"Интервольфрам" бірлескен кәсіпорны ұсынған жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі мен "Солтүстік Қатпар" кен орынын игеруге арналған контракт (шарт) жобасын пысықтасын және қажетті келіссөздер жүргізісін.

Келіссөздер нәтижесі бойынша келісілген контракт (шарт) жобасын бекітуге енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі